

М. ДУЛАТОВ ат.
ҚОСТАНАЙ
ИНЖЕНЕРЛІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



КОСТАНАЙСКИЙ
ИНЖЕНЕРНО-
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
им. М. ДУЛАТОВА



Үшінші басылым

7M04136 Есеп және аудит

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ТУ ЖОСПАРЫ

2023 - 2029 ж.ж.

«Әлеуметтік-экономикалық пәндер»
кафедрасының отырысында қаралды
20 03 2024 ж. № 8 хаттама

Қостанай, 2024

Әзірлеушілер:

Э. Ғ. К., «Әлеуметтік-экономикалық пәндер»
кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
ББ басшысы

Макушев

Махмутова Гульфия
Мухамедияровна

Э. Г. К., «Әлеуметтік-
экономикалық пәндер»
кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

Менен

Нурмагамбетова Ляйля
Искендириковна

Э. ғ. к., «Әлеуметтік-экономикалық пәндер»
кафедрасының
қауымдастырылған профессоры



Зарубина Венера Равиловна

Менеджмент магистрі,
«Әлеуметтік-экономикалық
пәндер» кафедрасының аға
оқытушысы

by

Сарсембаева Гульмира
Бутановна

«Әлеуметтік-экономикалық
пәндер» кафедрасының аға
оқытушысы
Экономика магистрі,
«Әлеуметтік-экономикалық
пәндер» кафедрасының аға
оқытушысы

Boyd
Henderson

Байкенова Айгуль Еркеблановна

Антаев Женис Темирович

Экономика магистрі,
«Әлеуметтік-экономикалық
пәндер» кафедрасының аға
оқытушысы

Alpency

Журмаганбетова Таттыгуль
Дуйсенбаевна

«Әлеуметтік-экономикалық
пәндер» кафедрасының
оқытушысы



Абилкаирова Роза Адилбековна

«Кәсіби бухгалтер орталығы»
ЖШС директоры

Жолмухамедов Алмат
Каерханович

«7M04136 Есеп және аудит» ББ
1 курса магистранты

Негода Инна Алексеевна

1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

1.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

7M04136 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды даярлау 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап жүргізілуде.

7M04136 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындарды және мемлекеттік басқару органдарын есеп және аудит саласында жоғары білікті, ішкі және сыртқы еңбек нарығында табысты бәсекеге қабілетті мамандармен қамтамасыз етуге бағытталған.

Магистратураның білім беру бағдарламалары жоғары оқу орны мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі үшін ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындайтын кәсіби оқу бағдарламаларын іске асырады, олар тереңдетілген ғылыми-педагогикалық дайындыққа ие болады.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – стратегиялық даму шеңберінде экономиканың басым секторларының қажеттіліктерін білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету, бұл «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының мазмұнын айқындайды. Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшелігі – ұлттық және өңірлік экономиканың жекелеген басым салаларына қатысты стратегиялық есеп, талдау және аудит саласындағы кәсіби қызмет үшін білім алушыларға қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін модульдердің болуы.

Білім беру бағдарламасының бірегейлігі Дублин дескрипторлары негізінде қалыптастырылған оқу нәтижелерімен айқындалады. Бағдарлама өңірдің стратегиялық бағыттылығымен байланысты құзыреттерді қалыптастыру арқылы өңір мен ел көлеміндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің стратегиялық есебі, талдауы және аудиті саласында кең профилді магистрді даярлауға бағытталған.

Осы білім беру бағдарламасының артықшылықтарына жұмысқа орналасу орындарының кең таңдауы, жоғары жалақы төленетін және тұрақты жұмыс, мансаптық өсуге жақсы мүмкіндіктер, сондай-ақ есеп және аудит саласында жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі жатады.

Қазақстан қоғамының даму үрдістері есеп, аудит және талдау саласында түлекке қажетті негізгі құзыреттер мен оқу нәтижелерін қалыптастырудың жаңа тәсілін іске асыруды көрсетеді.

Осы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту барысында білім оларды алу әдістерімен және практикалық қолдану жолдарымен ұштастыра отырып беріледі.

Білім беру бағдарламасы магистранттарды даярлаудың құзыреттілікке негізделген моделі негізінде әзірленген, бұл еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің талаптарын қамтамасыз етеді. Аталған модель түлектердің негізгі құзыреттерін, олардың дайындық деңгейін және нақты кәсіби функцияларды орындауға қабілеттілігін сипаттайды.

Білім беру бағдарламасы модульдік қағидатта құрылған, бұл алынатын білім мен дағдылардың практикалық маңыздылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама модульдерін әзірлеу процесінде, сондай-ақ еңбек нарығының қажеттіліктеріне бейімделген жекелеген курстарды оқытуда жұмыс берушілердің қатысуы қарастырылған.

Пәндерді меңгеру есеп, аудит және талдау салаларында, сондай-ақ менеджмент пен заманауи ақпараттық технологиялар бағытында терең теориялық білім мен практикалық дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Түлектер кәсіпорын қызметіне экономикалық талдау жүргізуге, бизнес-жоспарлауды жүзеге асыруға, оңтайлы басқарушылық шешімдерді өз бетінше қабылдауға және кәсіпорын шығындарын болжауға қабілетті.

7M04136 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының бірегейлігі Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15.02. № 636 Жарлығы) және

экономикадағы цифрлық трансформация жағдайында еңбек нарығының заманауи талаптарымен жүйелі түрде интеграциялануында көрінеді.

Кәсіпорындармен серіктестікті кеңейту, филиалдар ашу және жұмыс берушілерді білім беру бағдарламасының сараптамасына тарту университеттің стратегиялық мақсатына қол жеткізуге ықпал етеді (университетті басқару жүйесін жетілдіру және дамыту; кадрлық әлеуеттің сапалық өсуі; білім беру, ғылым және практика басымдықтарына сәйкес университеттің білім беру ортасын жетілдіру; ғылыми-зерттеу қызметін дамыту; халықаралық ынтымақтастықты дамыту; жастар және әлеуметтік саясатты жетілдіру; инфрақұрылымды дамыту және заманауи ақпараттық технологияларды енгізу) және өңірдің даму әлеуетін іске асыруға, сондай-ақ білімнің практикалық маңыздылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының даралығы пәндерді халықаралық стандарттарды ескере отырып оқытуды көздейді. Магистрлік диссертацияларда есеп және аудиттің нақты мәселелерін шешуге бағытталған қолданбалы сипат, аналитикалық және зерттеушілік құзыреттерді дамыту қарастырылған; сонымен қатар халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу, академиялық мобилділік арқылы басқарушылық шешім қабылдау қабілеттері, ұлттық және халықаралық деңгейде кәсіби қызметке дайындық қалыптасады.

1.2 ББ дамыту үшін ішкі жағдайлар

Жоғарыда көрсетілген білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін кафедрада тиісті материалдық-техникалық қамтамасыз ету бар. Кафедраның аудиториялық қоры – 35 аудитория, оның ішінде «Бизнес және басқару» профилі бойынша – 26 аудитория, «Салалықаралық профиль» бойынша – 6 аудитория.

Автоматтандырылған есеп жүргізуге арналған оқу зертханасы «А» корпусының 305 аудиториясында орналасқан және оқытуға арналған техникалық құралдармен жабдықталған. Аудиторияның жалпы ауданы 38,2 м², 11 орындық. 2025 жылы «ІС: Бухгалтерия 8 Қазақстанға арналған» бағдарламалық қамтамасыз ету жаңартылды. Зертхананың санитарлық-эстетикалық жағдайы талаптарға сәйкес, паспорт жасалған және жауапты тұлға бекітілген.

Магистранттардың ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмысы үшін арнайы аудитория жаңа корпусдың 302 аудиториясында орналасқан, жалпы ауданы – 59,1 м², 16 орындық.

Аудиториялардың техникалық және көрнекі жабдықталуы оқу процесінің талаптарына және мемлекеттік стандарттарға сәйкес келеді, сондай-ақ оқу сабақтары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған заманауи және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, ВУЗде осы білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды даярлау үшін жалпы ауданы 545,1 м², 98 орындық компьютерлік сыныптар, жалпы ауданы 19,1 м², 4 орындық инклюзивтік оқыту кабинеті, жалпы ауданы 1715 м² спорттық кешен бар.

Білім беру бағдарламасы магистранттарға білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес барлық кәсіби практиканың түрлерінен өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

7М04136 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша практиканың базалары:

«КЭЛ»	ЖШС,	ЖШС,
«КостанайЭлектроМонтаж»	ЖШС,	«ССГПО» АҚ
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «ДЮТ» БЖСМ «РЦФК» КММ,		
«12 месяцев – Костанай» ЖШС,	«Кәсіби бухгалтер орталығы» ЖШС,	«DATU» ЖШС,
«ПрофПартнеR» ЖШС,	«KV Company» ЖШС,	«Reliable Partner 2017» ЖШС,
«Стелл» ЖШС филиалы.		

1.3 Білім беру бағдарламасын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамы туралы мәліметтер

7М04136 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасын іске асыратын кафедра – әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасы. «7М04136 Есеп және аудит» білім беру бағдарламасын 8 оқытушы қамтамасыз етеді, олардың 7-сі ғылым кандидаты. Білім беру бағдарламасы бойынша оқытушылар құрамындағы ғылыми дәрежесі бар ППҚ үлесі – 87,5%.

Білім беру бағдарламасының практикалық-бағытталған ерекшелігін одан әрі күшейту мақсатында кафедра филиалының КФ «Банк ЦентрКредит» АҚ базасында ашылуы жоспарланып отыр, бұл магистранттар үшін қонақ дәрістер мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы пәндердің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру бағытында тұрақты жұмыс жүргізеді; оқытушылардың ғылыми жарияланымдары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (КОКСНВО) ұсынған ғылыми басылымдарда, сондай-ақ импакт-факторлы журналдарда, Scopus тізілімінде және т.б. жарияланған.

Кафедра профессор-оқытушылар құрамы экономика салаларының қажеттіліктерін ескере отырып ғылыми-зерттеу қызметімен айналысады, халықаралық ғылыми жобаларға қатысады. Атап айтқанда, ғылыми конференцияларға белсенді қатысу, ғылыми журналдарда мақалалар жариялау, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік ету, диссертациялық зерттеулерге рецензия жасау жүзеге асырылады.

7М04136 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамы Еуропалық комиссия қаржыландыратын халықаралық жобаларға қатысқан.

Кафедраның доценті Нұрмағамбетова Л.И. Қазақстан Республикасы ЖОО Ассоциациясының «Үздік педагог» медаліне ие, Көкшетау университеті атындағы Абай Мырзахметов университетінде «Менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру сертификатына ие, сондай-ақ Ұлттық Ашық Университет «ИНТУИТ»-те «Бухгалтерлік есеп – аудиттің ақпараттық базасы, бағалы қағаздар нарығын басқару, ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметіндегі әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті, инклюзивті оқыту бойынша сертификатқа ие және «Есеп 2023 Қазақстандық онлайн бухгалтерлер конференциясы» практикалық мастер-классына қатысты.

Кафедра профессоры Зарубина В.Р. 2023 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» атағына ие болды — бұл оның кәсіби деңгейінің жоғары екенін және өз ісіне берілгендігін көрсететін жетістік болып табылады. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінен ақшалай сыйлық та берілді. Сондай-ақ, ол Нархоз университетінің ғалымдары Есенкулова Ж., Салимбаева Р., Сатбаева Г. және А. Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Кенжебекова Д. зерттеушілерімен бірлескен зерттеулер жүргізіп, нәтижесінде халықаралық рецензияланатын «Environmental and Climate Technologies» журналында «Promotion of the EIA Subsystem of the 3D-Quarry Web Application» тақырыбында ғылыми мақала жариялады.

Ол Қазақстан Республикасы ЖОО Ассоциациясының «Үздік педагог» медалімен марапатталған, Ұлттық Ашық Университет «ИНТУИТ»-те біліктілікті арттыру сертификаттарына ие, инклюзивті оқыту бойынша сертификатқа ие және «Есеп 2023 Қазақстандық онлайн бухгалтерлер конференциясы» практикалық мастер-классына қатысты.

2 Университетті дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған стратегиялық бағыттарына қол жеткізумен байланысты сапа саласындағы нысаналы индикаторлар.

Мақсаттар мен индикаторлардың атауы	Өлшем бірлігі	Есеп беру кезеңі 2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	барлығы	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны
Мақсат 1. Аймақтық экономика мен жаһандық еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келетін білімді тұлғаның жаңа түрін қалыптастыру											
1. Оқуды аяқтағаннан кейін 1-ші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің саны (бітірушілердің жалпы санынан)	%	90,0	90,0	90,5	90,5	91,0	91,0	91,0	90,6	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, МО	Кафедра отырысының хаттамасы
2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің саны	%	84,2	84,5	84,5	85,0	85,0	87,0	87,0	85,3		
3. Оқуға түскендер саны БББ бойынша «Алтын» белгілері бар белгі», халықаралық олимпиадалар мен ғылыми байқаулардың жеңімпаздары жобаларды соңғы үш жылдағы президенттік, республикалық олимпиадалар мен ағымдағы оқу жылындағы ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған)	адам	-	-	-	-	0,1	0,2	0,2	0,5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚК	Оқуға қабылдау туралы бұйрық
4. ЖОО түлегі жалақысының орташа деңгейінің Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық жалақыға қатынасы	%	0,53	0,64	0,64	0,70	0,70	0,71	0,71	4,63	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, АРБ	Есеп
Мақсат 2. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған күш-жігерді шоғырландыру											
1. Саны білім алушылардың ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар ББ	адам	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, БАО	Есеп
2. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін жағдайлармен қамтамасыз етілу деңгейі (оқу бағдарламалары, лифтілер, пандустар, тұтқалар және т.б.)	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ИДЖПБ	Есеп
3. Жатақханада тұратын білім алушылардың саны	адам	-	-	-	-	-	1	1	2	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСД	Есеп
4. Волонтерлік қызметпен айналысатын білім алушылардың саны	адам	1	-	-	-	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі, ББ басшысы, ЖСД	Есеп
5. ЖОО-ның, ауданның, қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын білім алушылардың саны	адам	1	-	-	-	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСД	Есеп
6. Студенттік ұйымдардың, студенттік клубтардың, жастар комит жөніндегі комитеттердің қызметіне тартылған білім алушылардың саны	адам	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСД	Есеп
Мақсат 3. Интернационалдандыру өсу мен орнықты дамуды қамтамасыз етудің стратегиялық басымдығы ретінде											
1. ББ бойынша оқитын жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің саны	адам	-	-	-	-	0,1	0,2	0,2	0,5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, БАО	Бұйрық

2. QS/ Top-100 рейтингі QS by subject ішінен серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру шеңберінде ББ бойынша білім алушылардың саны	адам	-	-	-	-	-	-	-	-	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ТК, ХЫО	Бұйрық
3. ЖОО базасында орындалатын халықаралық ғылыми және білім беру жобаларының саны	адам	-	-	-	-	0,2	0,25	0,25	0,7	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ХЫО	Есеп
4. Біліктілігін арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ББ бойынша ПОҚ саны	адам	1	1	1	1	1	1	1	7	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ	Есеп
5. ЖОО қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың саны	адам	-	1	1	-	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ХЫО	Білім алушылардың бұйрығы, транскрипті
6. Жоғары h-индексі бар тартылған шетелдік ғалымдардың саны	адам	-	-	0,2	0,2	0,25	0,25	0,5	1,4	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ	Есеп
Мақсат 4. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту											
1. Онлайн курстар әзірленген пәндердің үлесі	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚОО	Хаттама
2. Жүйені пайдалану прокторинга аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз ету үшін	%	10	10	10	10	10	10	10	70	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚОО	Есеп
3. Пайдаланылатын жүйелердің жалпы санындағы қарыз алуды анықтаудың енгізілген ақпараттық жүйелерінің үлесі (келісімнің болуы)	%	0,1	0, 2	0,1	0, 2	0,1	0, 2	0,1	10	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦжАТБ	Есеп
4. ЖОО-ның онлайн білім беру порталының жұмыс істеуі	дерек	+	+	+	+	+	+	+	+	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦжАТБ	Есеп, сілтеме
5. Цифрлық платформаны пайдалана отырып жүргізілген зерттеулер саны	бірлік	-	-	-	-	0,1	0,1	0,1	0,3	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп
6. Оқу үдерісіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдардың саны	адам	1	1	1	1	1	1	1	7	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ	Есеп
7. Оқу процесіне енгізілген электрондық ресурстар санының артуы	%	-	10	10	10	10	10	10	70	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, кітапхана	Есеп
8. Оқыту үдерісінде қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚОО	Есеп
Мақсат 5. Инфрақұрылымды дамыту, КЕАҚ мүмкіндіктерін ескере отырып, кірістерді әртараптандыру											
1. Білім беру үдерісінде қолданылатын виртуалды зертханалардың саны	бірлік	-	-	-	-	0,1	0,1	0,1	0,3	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп
2. Енгізілген виртуалды зертханалардың саны	бірлік	-	-	-	-	-	0,1	0,1	0,2	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	

3. ЖАО және бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалардың саны	бірлік	-	-	-	-	-	0,1	0,1	0,2	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп
4. ЖАО, жұмыс берушілер қаражаты есебінен берілетін гранттар саны	бірлік	-	-	-	-	-	0,1	0,1	0,2	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп
5. Ғылыми қызметтен, инновациялық әзірлемелерден және коммерцияланған жобалардан алынған кірістердің үлесі	%	-	-	-	-	0,1	0,1	0,1	0,3	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, бухгалтерия	Есеп
Мақсат 6. Корпоративтік басқаруды, менеджментті және кадрлық әлеуетті дамыту											
1. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар ПОҚ саны	адам	-	-	-	-	-	1	1	2	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ	Есеп
Мақсат 7. Зерттеу экожүйесін құру											
1. Білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ЖОО ПОҚ саны	адам	1	1	1	1	1	1	1	7	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ХЫО	Есеп
2. ЖОО базасында іске асырылатын жобалардың жалпы санынан ЖОО-ның жұмыскерлері, білім алушылары іске асырған стартап жобалардың саны	бірлік	-	-	-	-	0,1	0,1	0,1	0,3	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЖСБ	Есеп
3. Ғылыми-зерттеу қызметіне ЖОО грантын алған жас ғалымдардың саны	бірлік	-	-	-	-	-	0,1	0,1	0,2	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп
4. Рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны	бірлік	1	1	1	1	1	1	1	7	кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, кітапхана	Есеп
5. Тартылған жас зерттеушілердің саны	бірлік	-	-	-	1	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп
6. Университет базасында қаржыландырылатын білім беру және зерттеу жобаларының саны	бірлік	-	-	-	-	0,1	0,1	0,1	0,3	кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС	Есеп

3 Білім беру бағдарламалары үшін тәуекелдердің әсерін төмендету жөніндегі іс шаралар

Ықтимал тәуекел	Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар	Іске асырудың жауапты және мерзімдері
Сыртқы тәуекелдер		
1. Бірқатар білім беру бағдарламаларының беделін төмендету, оның ішінде экономика саласындағы білім беру бағдарламаларына сұранысты төмендету	Білім беру бағдарламасының оқыту траекторияларын өзгерту	БББ басшысы, ББӘК 2023 жылғы жиын
	Экономика облысында талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының тартымдылығын арттыру	БББ басшысы, ББӘК 2023 жылғы жиын
2. Білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелестіктің жоғары деңгейі	Өңір экономикасының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының тартымдылығын арттыру	БББ, ББӘК, ПОҚ басшысы 2023 жылғы іріктеу
	Е-learning әртүрлі сценарийлерін әзірлеу және оқу процесіне енгізу	БББ, ББӘК, ПОҚ басшысы 2023-2029 жылдар
	Тұтынушылармен кері байланысты жетілдіру, жұмысқа орналасу деңгейінің өсуі	БББ, ББӘК, ПОҚ басшысы 2023-2029 жылдар
3. Пайдаланушылардың eLearning жүйесін пайдаланудағы мотивациясының төмендігі	Мамандандырылған тренингтер мен оқыту семинарларын өткізу	БББ, ББӘК, ПОҚ басшысы 2023-2029 жылдар
	Оқу процесіне әртүрлі e-learning сценарийлерін енгізу	БББ, ББӘК, ПОҚ басшысы 2023-2029 жылдар
4. Әкімшілік тәуекел	ҚР заңнамасының, стандарттардың, нормативтік ережелер мен нұсқаулықтардың барлық талаптарына қатаң сәйкестігі	БББ, ББӘК, ПОҚ басшысы 2023-2029 жылдар
Ішкі тәуекелдер		
1. ПОҚ шет тілдерін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі	Университет оқытушылары үшін шет тілдерін тереңдетіп оқыту курстарын өткізу	Меңгерушісі. кафедра, ПОҚ 2023-1 адам, 2024 – 1 адам, 2025-1 адам, 2026 – 1 адам, 2027 – 1 адам, 2028 – 1 адам, 2029 – 1 адам.
2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың жеткіліксіз көлемі	Шаруашылық шарттық тақырыптар мен ғылыми жобалар санын ұлғайту	Меңгерушісі. кафедра, ПОҚ 2024-2029 жылдар (жылына 1 жоба)
3. Ғылыми халықаралық басылымдарда жариялауды жүзеге асыратын ПОҚ санын азайту	ПОҚ-ны материалдық ынталандыру жолымен рейтингтік ғылыми басылымдарда мақалалар жариялауға ынталандыру	Меңгерушісі. кафедра, ПОҚ 2024-2029 жылдар (жылына 1 мақала)

4. ББ SWOT-талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Білікті профессор-оқытушылар құрамы Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының сараптамасы мен жүзеге асырылуына жоғары деңгейде қатысуы Оқыту бағдарламасы бойынша дайындалған кадрлар еңбек нарығында сұранысқа ие Кәсіпорындармен ынтымақтастық жөнінде меморандумдар жасалған	Материалдық-техникалық базаның біркелкі жаңартылмауы Оқу-әдістемелік басылымдардың жеткіліксіздігі
Мүмкіндіктері	Қауіптері
Кәсіпорындар мен кәсіби қауымдастықтармен серіктестікті кеңейту Білім беру бағдарламасын негізгі жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып кәсіби стандарттарға бейімдеу Әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізу Оқыту сапасын арттыру тиімділігін жоғарылату Оқу процесінде инновациялық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану (МООС, онлайн курстар және т.б.) Оқыту жетістіктерін бағалаудың заманауи әдістерін қолдану бойынша профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру	Басқа ЖОО тарапынан жоғары бәсеке Білім беру бағдарламасына сұраныстың төмендеуі

5 Белгілер мен қысқартулар

ҒЗЖ-Ғылыми-зерттеу жұмысы

БББ-білім беру бағдарламасы

ПОҚ-профессорлық-оқытушылық құрам

ЖОО-жоғары оқу орны

«Әлеуметтік-экономикалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі

_____ Ахметов Д.С.

7М04136 «Есеп және аудит» БББ жетекшісі

_____ Сарсембаева Г.Б.

4. ББ SWOT-талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Білікті профессор-оқытушылар құрамы Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының сараптамасы мен жүзеге асырылуына жоғары деңгейде қатысуы Оқыту бағдарламасы бойынша дайындалған кадрлар еңбек нарығында сұранысқа ие Кәсіпорындармен ынтымақтастық жөнінде меморандумдар жасалған	Материалдық-техникалық базаның біркелкі жаңартылмауы Оқу-әдістемелік басылымдардың жеткіліксіздігі
Мүмкіндіктері	Қауіптері
Кәсіпорындар мен кәсіби қауымдастықтармен серіктестікті кеңейту Білім беру бағдарламасын негізгі жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып кәсіби стандарттарға бейімдеу Әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізу Оқыту сапасын арттыру тиімділігін жоғарылату Оқу процесінде инновациялық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану (МООС, онлайн курстар және т.б.) Оқыту жетістіктерін бағалаудың заманауи әдістерін қолдану бойынша профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру	Басқа ЖОО тарапынан жоғары бәсеке Білім беру бағдарламасына сұраныстың төмендеуі


5 Белгілер мен қысқартулар

ҒЗЖ-Ғылыми-зерттеу жұмысы
БББ-білім беру бағдарламасы
ПОҚ-профессорлық-оқытушылық құрам
ЖОО-жоғары оқу орны

«Әлеуметтік-экономикалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі

7М04136 «Есеп және аудит» БББ жетекшісі

 Ахметов Д.С.

 Сарсембаева Г.Б.

Келесі өзгерістер енгізілді:

1. Кафедраның кеңейтілген отырысында қаралды (хаттама № 8, 20.03.2024 ж.).
2. 1.1 тармақ – «Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының даралығы мен ерекшелігі» бөлімін қосу арқылы толықтырылды.
3. 2-тармақта көрсеткіштер сандық түрде берілді.
4. 4-тармаққа ББ SWOT-таңдауы енгізілді.

М. ДУЛАТОВ ат.
ҚОСТАНАЙ
ИНЖЕНЕРЛІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



ХАТТАМА

«26» наурыз 2024 г.
Қостанай қ.

Ғылыми кеңес отырысының үзіндісі

Төраға – Исмаилов А.О.

Хатшы – Камышева Н.А.

Қатысқандар: 35 адамнан 29 адам (тізім қоса беріледі)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

3.8 Әр түрлі. Білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарын қайта бекіту

ТЫНДАЛДЫ:

Оқу-әдістемелік жұмыс секторының меңгерушісі Д.К. Жумамбетова - білім беру бағдарламаларын дамыту жоспары білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Академиялық кеңестің кезекті отырыстарында талқыланып, талқылау қорытындысы бойынша білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарының келесі бөлімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды:

1.1-тармақ. Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

2-тармақ. 2024–2029 жылдарға арналған Университеттің стратегиялық даму бағыттарына қол жеткізумен байланысты сапа саласындағы мақсатты индикаторлар –

3-тармақ. Білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарын іске асыруға әсер ететін анықталған тәуекелдердің ықпалын төмендету жөніндегі іс-шаралар

4-тармақ. Білім беру бағдарламаларының SWOT-талдауы (күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін нақтылау)

Білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарының даралығы мен бірегейлігін күшейтуге ерекше назар аударылды. Бұл ретте даярлау бағытының ерекшелігі, стейкхолдерлердің сұраныстары, мониторинг нәтижелері, ҚР ұлттық басымдықтарымен және Университеттің

стратегиялық даму бағыттарымен сабақтастығы, нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу қажеттілігі ескерілді.

Енгізілген түзетулер білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарын іске асыру сапасын арттыруға, олардың сыртқы және ішкі тәуекелдерге төзімділігін күшейтуге, сондай-ақ нормативтік құжаттар талаптары мен еңбек нарығының күтілімдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осыған байланысты білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарлары белгіленген тәртіппен қайта бекітуге ұсынылды.

ШЕШІЛДІ:

3.8.1 Ақпарат назарға алынсын және жаңартуларды ескере отырып білім беру бағдарламаларын дамыту жоспары бекітілсін.

Ғылыми кеңестің Төрағасы

Ғылыми хатшы



Исмаилов А.О.

Камышева Н.А.